

FTAMP 14.07.09

Ш.Л. Ерхожина¹, Б.Д. Жұмақазева¹

¹Сүлеймен Демирел атындағы университет, Қаскелең қ., Қазақстан

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТЫ ДАМУДАҒЫ ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР

Аңдатпа. Мақалада оқытудағы ойындардың қызметі мен маңыздылығы сөз болады. Балаларға ойынның әсері, оның дамытуға тигізетін пайдасы қарастырыла отырып, ғалымдардың ойын туралы зерттеулеріне шолу жасалды. Ойын арқылы оқытудың түпкі мақсаты – білімді жеңілдете отырып сапалы меңгерту болса, міндеттері - сабақтың түрлері мен әдістерін, мазмұнын жетілдіруге оның әдіскерлік танымдық, білімдік, тәрбиелік қызметі мен практикалық бағытын күшейтуекені айтылды.

Түйін сөздер: дидактикалық ойын, іскерлік дағды, психологиялық жағымды үдеріс, нәтижеге жету.

Аннотация. В статье обсуждается роль и важность игр в обучении. Влияние игры для детей, способствующие развитию рассматриваются в его пользу, об исследованиях ученых, обзор игры. Конечной целью обучения через игру – то облегчить овладение качеством знаний, задачи урока, методы и формы его совершенствование содержания методической познавательная, образовательная, и воспитательная деятельность, усилить практическую направленность, что было сказано.

Ключевые слова: дидактические игры, деловые навыки, положительный психологический процесс, для достижения результата.

Abstract. The article discusses the role and importance of games in learning. The impact of the game for children, promoting development is seen in his favor, about research scientists, game review. The ultimate goal of learning through the game is to facilitate the mastery of the quality of knowledge, the tasks of the lesson, the methods and forms of its improving the content of the methodological cognitive, educational, and educational activities, to strengthen the practical focus that was said.

Keywords: didactic games, business skills, positive psychological process, for the achievement of result.

Ойын балаларды өмірдің ең қажетті қасиеттеріне: өжеттілікке, іскерлікке, жауапкершілікке, ептілікке тәрбиелейді. Ойындардың ішінде дидактикалық ойындар балалардың жаңа білімді, пайдалы іскерліктерді, әдеттер мен дағдыларды қабылдауына көмектеседі. Дидактикалық ойын түрлері сабақтың тақырыбы мен мазмұнына сәйкес алынып, тиімді жүргізілсе, оның оқу танымдық және тәрбиелік маңызы да арта түседі. Оны тиімді пайдалану сабақтың әсерлілігін күшейтеді, оқушылардың сабаққа ынтасы мен қызығушылығын арттырады. Ойын кезінде олар тез сергіп, тапсырманы ықыласпен орындайды. Тіпті нашар оқитын оқушылардың өздері ойын түрлері араласқан сабаққа зер салып, ынталана түседі. Ойын араласқан жерде жарыс болмай тұрмайды. Оқушылар қатарластарынан қалып қоймау үшін сабаққа белсенді қатысып, қойылатын сұрақтарға жауап іздеп, ойлана бастайды. Сабақта ойын түрлерін оқушылардың ой-өрісін дамытуға әсер етеді. Педагогика ғылымында баланың жеке адам ретінде дамуы үшін ойын ерекше орын алады. Ойын – бұл жасөспірімнің өзінше еңбегі. Жалпы өмірде ойынның да қоғамдық мәні бар. Ойын барысында белгілі бір әрекет жасай отырып, жасөспірім қоғамдық өмірге қатысудың алғашқы үлгісін алады, ересектермен арадағы қарым-қатынас құрылымын түсінеді. Бала ойын арқылы өзі өмір сүріп отырған, дамып отырған белгілі бір әлеуметтік ортадағы норма мен әрекетті қабылдайды. Ойын белгілі бір ұстамдық тәртіптің көрінісі болып табылады.

Оқытудағы ойын әдісі – интербелсенді әдістер қатарына жатқызылады. Ойын арқылы ұйымдастырылған сабақ балаларға жеңіл әрі тартымды, түсінікті болады. Оқытудың түпкі мақсаты – оның сапалы болуы, яғни сабақтың түрлері мен әдістерін, мазмұнын жетілдіруге оның әдіскерлік танымдық, білімдік, тәрбиелік қызметі мен практикалық бағытын күшейту де осы міндеттерден туындайды. Сабақта ойын түрін пайдалану – сабақтың әдістерін жетілдіру жолындағы ізденістердің маңызды бір буыны. Ойын түрін оқу үдерісінде пысықтау, жаңа сабақты қорытындылау кезінде, қайталау сабақтарында пайдаланған тиімді.

Дидактикалық ойындар барлық сыныптарда қолданылады. Оқушылардың шығармашылығын дамыту педагогикада басымды бағыт болып есептеледі. Жалпы алғанда, өркениеттің қарқынды дамуының негізгі қозғаушы күші шығармашыл тұлға екені белгілі. Оқушылардың оқу үдерісінде дамуын жүзеге асыру білім алу кезіндегі шығармашыл белсенділігі, өз беттерімен білімді игеру дәрежелері дидактика мен мектеп өмірінде үнемі басты мәселенің бірі болып қала береді. Әлеуметтік тұрғыда адамның белсенділігі мен дербестігі оның еңбегінің жемістілігін айқындайды және тапқырлығының мәнін құрайды. Ендеше

оқушыларда осы қасиеттің пайда болуын тудыру әрбір ұстаздың негізгі міндеттерінің бірі болып саналады. Жеке тұлғаның ақыл-ойын, танымдық үдерісін жетілдірудің, әлеуметтендіру мен жан-жақты тәрбиелеудің көрсеткіші ретінде бағаланатын оқу үдерісінде оқушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ойын әрекеттерін ұтымды пайдаланудың мүмкіндіктері мол.

Ойынды ерте заманнан үлкендердің іс-тәжірибесін жеткіншек ұрпаққа жеткізу үшін пайдаланған. Ойын халық педагогикасында, мектепке дейінгі және мектептен тыс мекемелерде кеңінен пайдаланылады. Қазіргі мектепте ойын әрекеті ойын пәнінің тарауын және тақырыбын түсіну үшін өздік технология ретінде, жалпы технологияның элементі ретінде, сабақ немесе оның бір бөлігі ретінде, сыныптан тыс жұмыстың технологиясы ретінде қолданылады. Еңбек, ойын және оқу ерте кезден-ақ адам тіршілігінің негізгі үш тірегі болып есептелінген. Ол балалар үшін кәмелетке келгенше жүріп өтетін өмір сатысы. Ойын технологиясы балалардың айналасын тану қызметіндегі белсенділігі мен шығармашылығының қалыптасуына жолды кең ашатын табиғи құбылыс. Психологтар мен педагогтар ежелден-ақ ойын мәселесіне өз назарын аударған, тек ХІХ ғасыр аяғында ғана ойын арнайы зерттеу пәніне айналды. К.Грос, Э.Клаперед, А. Диваев, Р. Гауп, Н.Виноградов, В.Вахтерев және т.б. ойын теориясын құрастырды және ойын мәселесін көтеріп, іс әрекеттің маңызды түрі ретінде оның теориялық, әдіснамалық негізін ашты. Ойын мәселесінің жан-жақты зерттеуіне, ойынды топтастыру, жүйеге келтіру, жинақтау, дамыту, ойын түрлері, технологиясы, әдістері көптеген ғылымдар саласында: әлеуметтік, этнопедагогикалық, философиялық, педагогикалық, психологиялық, дидактикалық тұрғыдан қарастырылғанына қарамастан әлі толық шешімін таппаған. Алғашында іскерлік ойындар әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешу үшін қолданды. 1932 жылдары Ленинград инженерлік-экономикалық институтында М. Бирштейн басшылық етуімен Львов машина зауытының іске қосылуын көрсету үшін іскерлік ойыны өткізілді. Бұдан кейін іскерлік ойындар 1950 жылдары экономиялық қатынастар 1960 жылдары басқару және педагогика саласына тарады. Ол ойын түрлері Н.Грейф, Р.Уорфорд, Г.Шедровский еңбегінде дамыды. Г. Шедровский анықтамасына сәйкес, іскерлік ойындардың мынадай ерекшелігі бар: а) қоршаған ортаға ерекше қатынас; ә) ойынға қатысудың субьективті іс-әрекеті (әрбір ойынға қатысушыға өзінің білімділігін көрсету үшін ең жағымды жағдай қамтамасыз етіледі. Ойыншының өз «Менін» тек қана ойын жағдайында ғана емес, сонымен қатар тұлғалар арасындағы қатынастардың барлық жүйелерінде көрсетуге мүмкіндік береді); б) іс-әрекеттің тапсырма түрінде берілуі (ойынның енжарлық күйде емес, белсенді қатыныс негізінде «жеңісті», ұтыс бағытында ойналуы); в) түсінудің ерекше

мазмұндағы (ойынға қатысушыларды теориялық, әдіснамалық тәжірибиелік білім мен дағды қалыпты жағдайда қабылдаумен көлемді ақпаратты есте сақтауға мәжбүр етпейтіндігімен анықталады).

Ал мұғалімнің міндеті – балаларды ойынға өз қызығушылығымен, ынтасымен қатысуын қамтамасыз ету. Ойын мен адам мәдениетінің өзара байланысы ғылыми түрде анықталды. Олардың тұлғаны дамытудағы маңызы анықталды, оның психологиялық және әлеуметтік факторлармен келісімі жөнінде кең қарастырылуда. Ойын технологиялары әлі де білім беру саласында жаңа инновация болып табылады.

Педагогикалық технология ұғымы түрлі педагогикалық ойын түрлерін педагогикалық үдерісте әдістер мен тәсілдердің кең көлемді топтарын біріктіреді, оның жалпы ойындардан ерекшелігі оқытуда нақты мақсатының қойылуымен және оның оқу-танымдық бағыты сипатталған, негізі салынған педагогикалық нәтижесіне сай анықталады. Сабақ барысындағы ойын әдістері оқушыларды оқу қызметіне ынталандыру құралы ретінде ойын әдістері мен жағдайларының көмегі арқылы құрылады.

Оқушылардың қызығушылықтарын туғызатын ойындардың бірі - дидактикалық ойындар. Ойын элементтерін қолдана отырып мұғалім оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын, зейінін арттыру мақсатында әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолданады. Атап айтқанда, мұғалім ойын жағдаяттарын туғыза отырып, әртүрлі заттарды қолдану арқылы сұрақтар қойып, затты көрсетіп, түсіндіріп ойын сюжетін құрастырады.

Ойындар оқушылардың ой - өрісін дамытып, ойлау қабілетін арттырумен қатар, үйретілген, өтілген тақырыптарды саналы да берік меңгеруге үлкен әсер етеді. Ойындар оқушылардың шығармашылық ойлау қабілеттерін жетілдірумен қатар, сөздік қорларын молайтып, сауатты жазуға да баулиды. Оқушылар ойын ойнау барысында үйренген сөздерін айтып қана қоймай, оның қандай мағынада қолданылатынын да біледі. Ойын оқу пәндерінің мазмұнымен тығыз байланыста жүргізілгенде ғана дұрыс нәтижелер береді.

Ойын арқылы оқушы нені меңгереді?

1. Оқушылар нақты қызмет тәжірибесін меңгереді.
2. Ойынға қатыса отырып қиын мәселелерді өз бетінше шеше білуге үйренеді.
3. Оқу үдерісінде алған білімді нақты істе қолдана білуге дағдыланады.
4. Оқу көлемін басқарады.
5. Уақытты үнемдеуге үйренеді.
6. Психологиялық жағымды үдерісті сезінеді.
7. Ойын барысында шешім қабылдауға және жауапкершілікке үйренеді.
8. Ойын арқылы белгілі материалды игереді.

9. Ойын арқылы жеңіске құлшыныс және нәтиже көрсетуге талпыныс оянады.

10. Ойын балаларды қуанышқа бөлейді, сабақ қиындығынан жеңіл алып шығады.

Ойын нәтижесі, өз жетістіктері, әсерлері, алған білімі, дағдысы жөнінде оқушылар ата-аналарымен, өзге балалармен, мұғалімдермен көбірек әңгімелеседі, кітапханада өз бетімен іздене білуге, қажетті материалдарды іріктей білуге үйренеді. Яғни, ойын оларға білім мазмұнын меңгеруге үлкен мотивация тудырады.

Сабақта ойын түрлерін пайдалану – сабақты түрлендіру мен әдістерін жетілдіру жолындағы ізденістердің маңызды бір буыны. Ойын түрлерін оқу процесін пысықтау, жаңа сабақты қорытындылау кезеңдерінде, қайталау сабақтарында пайдалануға болады. Оны тиімді пайдалану сабақтың әсерлігін, тартымдығын күшейтеді, оқушылардың сабаққа ынтасы мен қызығушылығын арттырады. Педагогикалық ойындардың маңыздылығы біріншіден, білу және үйрену, екіншіден, баланың ойнай отырып, өзіндік білім алуы өмір тәжірбесін жинақтауына көмектеседі.

Қазіргі білім беруде ойын технологиясы оқушылардың білімін дамыту құралы ретінде тәжірибеге көптеп енгізіледі. Ойынның негізгі мақсаты – баланы қызықтыра отырып білімді меңгерту болса, мұғалімнің міндеті – сол ойын түрлерін пайдалана отырып, оқушыларды өздігінен жұмыс істей білуге, ой белсенділігі мен тіл байлығын арттыра түсуге, танымдық қабілетін кеңейтуге, логикасын шыңдауға, ойын сергітуге, түрлі дағды мен шеберлікті меңгертуге жол сілтейді. Оқу үрдісінде ойын түрлерін пайдалану - бағдарламада анықталған білім,білік , дағдыларды қалыптастыру, тиянақтау, бекіту немесе тексеру болып табылады. Сондай - ақ мұғалім ойын түрлерін балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне лайықты түрлендіре отырып, жаңа тақырыпты меңгерткенде, өтілген материалды қайталағанда, білімді тиянақтау және тексеру кезінде, яғни сабақтың кез - келген сәтінде оқыту әдісінің құралы ретінде пайдалануға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. Инновационные методы обучения, или как интересно преподавать: учебное пособие: 4-е изд., доп. –Алматы, 2010.

2 Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. – М.:Народное образование. – 1998.